



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖИНАҚТАҒЫ ҚАРЖЫНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРГЕНДЕР КӨП



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев зейнетақы қорындағы қаржыны алу мүмкіндігі туралы айтқанда талай ел ақжолтай жаңалыққа күмәнмен қарағаны рас. Өйткені, ел ішінде «зейнетақы қорындағы ақша әлдеқашан қолды болған» деген қауесет жиі айтылатын. Сондықтан жылдар бойы жинаған қаржысына қол жеткізу, кәдесіне жарату азаматтар үшін орындалмас арман еді. Бірақ биылғы жылдың басынан бері талай ел зейнетақы қорындағы қаржысына баспана алып, ипотекалық қарызын жауып, емге жұмсап, бейнетінің зейнетін көруде.

(Соңы 3-бетте)



ӘКІМ САЙЛАУЫ НЕСІМЕН МАҢЫЗДЫ?

2-бет



ШАҢЫРАҚ – ӘКЕНІҢ ПАТШАЛЫҒЫ, АНАНЫҢ ӘЛЕМІ, СӘБИДІҢ ЖҰМАҒЫ

5-бет



ЕЛ АЛҒЫСЫНАН ЖОҒАРЫ МАРАПАТ ЖОҚ

8-бет

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

«ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА – 25 ЖЫЛ

Биыл «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңның қолданысқа енгізілгеніне 25 жыл толғалы отыр. Ол 1996 жылғы 31 мамырда қабылданған болатын. Заңның 2-бабы бойынша «Саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер» – деп танылады.

Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер ісіне, ал қоғамдық бірлестіктердің мемлекет ісіне араласуына жол берілмейді. Сәйкесінше, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдар міндеті жүктелмейді. Алайда қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдармен ынтымақтасуы және өзара іс-қимыл етуі, олармен келісімдер жасасуы, мемлекеттік органдармен шарттар бойынша жұмыстар орындауы мүмкін. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар қоғамдық бірлестіктердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді қоғамдық бірлестіктермен келісе отырып, шешу мүмкіндігі (4-бап) қарастырылған.

(Соңы 8-бетте)

МІНБЕР

«АҒАШТЫ ТАМЫРЫ, АЛ АДАМДЫ ЖАНҰЯСЫ ҰСТАП ТҰРАДЫ»

ОТБАСЫ – ӘРБІР МЕМЛЕКЕТТІҢ ТАБИСТЫ ДАМУЫНЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ, ТАТУЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ. КІШКЕНТАЙ ОДАҚТАР МЫҚТЫ БОЛҒАН САЙЫН ОТАНЫМЫЗДЫҢ ДА БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН БОЛАДЫ. АЛАЙДА, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ӘЛСІРЕУІ, АЖЫРАСУДЫҢ КӨБЕЮІ, ЖАҚЫНДАР АРАСЫНДАҒЫ СЫЙЛАСТЫҚТЫҢ АЗАЮЫ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚҰНЫН ЖОҒАЛТЫ. ҒАСЫРДАН-ҒАСЫРҒА ҮЗІЛМЕЙ КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ МӘН БЕРМЕЙТІНДЕР КӨБЕЙДІ. БҰРЫН ҚАЛАЙ ЕДІ?

Бұрын әкенің ойын қабағынан түсінетін, ананың айтайын дегенін жанарынан ұғатын халық едік. Үлкеннің алдын кеспейтін, ақсақал бата жасамай асқа қолын созбайтын әлемде бір ел болса, ол қазақ болатын. Атасы мен анасының қас-қабағына қарап өскен елдің ұрпағына үлкеннің жолын кесу тексіздіктің белгісіндей көрінетін. Ізетті, ілтипатты, ізгі ойлы халықтың бүгінгі тыныс-тіршілігі ұлттық менталитетімізге мүлде кереғар.

Қазір қокысқа тасталған сәбиге таңғалмайсыз, күйеуі әйелін ұрыпты, баласы ата-анасын қараусыз тастап кетіпті деген жаңалықтарға да етіміз әбден үйренді. Соның кесірінен тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі, ана мен бала құқығын қорғау тақырыбы жиі талқыланатын, өзекті мәселенің біріне айналды. Жариялықты желеу етіп өзге елдің заңын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін насихаттау, санамызға сіңіру белең алды. Бүгінгі отбасы проблемаларының көпшілігі



осы өз болмысымыздан қашумен байланысты. Ана мен бала құқығын қорғау туралы сөздің шығуына да отбасы институтының әлсіреуі бірден бір себеп.

(Соңы 5-бетте)

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАРЖЫНЫ ПАЙДАЛАНУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ КЕРЕК ПЕ?

ОЙТАЛҚЫ

Дайрабай ҮСПБАЕВ, экономист:

– Зейнетақы қорындағы қаржыны халықтың өзіне басқаруға беру елді бір серпілтіп тастады. Осы уақытқа дейін зейнетақы қорындағы талай қаржыны инфляция жеп қойды. Сондықтан қаралайым халық зейнетақы жүйесіне күдікпен қарай бастаған болатын. Салымшылар өз ақшасының қайда кетіп жатқанын білмегендіктен, жұмыс берушіден жасырын бухгалтерия жүргізу арқылы мүмкіндігінше қолға көбірек жалақы төлеуді сұрайтын. Нәтижесінде талай жұрт зейнетақы жинағынсыз қалды. Сондықтан елде тәртіп бар екенін, қордағы қаржының жоғалмайтынын, қоғамда ашықтық салтанат құратынын көрсету үшін зейнетақы жүйесіне енгізілген бұл өзгеріс өте дұрыс шешім болды.

Зейнетақы қорындағы жинағаны шекті сомадан асқандар қаржысының игілігін көріп жатыр. Дегенмен, «қордағы қаржыны пайдалану тетіктерін жетілдіре түссе екен» деп жүргендер де жоқ емес. Шынында, тепендеп жүріп тиыннан теңге құраған халыққа тағы қандай мүмкіндік ұсынуға болады? Тақырыпты талқыға салып көрген едік.

керек. Сонда қолына ештеңе тимейді, тисе де бес жүз мың теңге көлемінде қаржы артылуы мүмкін. Ал ол ақшаға не істеуге, қандай игілікке жаратуға болады?!

Айдар ӘЛІБАЕВ, экономист, зейнетақы жүйесі сарапшысы:

– Зейнетақы жүйесіндегі бұл өзгеріс еліміздің экономикасына, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге айтарлықтай шапағатын тигізе қойды деп айта алмаймын. Өйткені, оны алудың талаптары тым жоғары болып отыр. Халықтың басым бөлігі ол қаржыға қол жеткізе алмайды. Мұндай жағдайда бұл өзгеріс халықтың әлеуметтік жағдайын дұрыстауға мүмкіндік береді деу қате.

Мәселен, отыз жастағы азамат қордағы қаржысына қол жеткізу үшін қорында үш миллиондай қаржы қалуы керек. Сонда қолына ештеңе тимейді, тисе де бес жүз мың теңге көлемінде қаржы артылуы мүмкін. Ал ол ақшаға не істеуге, қандай игілікке жаратуға болады?!

(Соңы 3-бетте)

ӘКІМ САЙЛАУЫ НЕСІМЕН МАҢЫЗДЫ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуы туралы айтқан болатын. «Егер азаматтарымыздың әл-ауқатын шын мәнінде жақсартқымыз келсе, олардың өздерін осы іске белсенді түрде тартқан жөн. Қоғамдық пікір сауалнамалары ауыл әкімдерінің сайлау арқылы қызметке келуіне қатысты сұраныстың артқанын көрсетіп отыр. Бұл маңызды қадамды жан-жақты ойластырып, дөйекті түрде жүзеге асырған жөн. Алайда бұл мәселенің шешімін кейінге қалдыруға болмайды. Келесі жылы бірқатар ауылдық округ әкімдерінің өкілеттік мерзімі аяқталады. Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізуге болады деп ойлаймын», – дегінген маңызды құжатта.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 25 ақпанда өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында сөйлеген сөзінде қазіргі таңда кенттердің, ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауға дайындық жүріп жатқанын атап өтті.

Елімізде 2 500-ге жуық ауылдық округтердің әкімі бар. Ағымдағы жылы Қазақстан бойынша 786 ауыл әкімінің өкілеттігі аяқталады. Яғни, 800-ге жуық елді мекенді қамтитын жергілікті сайлау науқаны өтеді. Сайлау биыл шамамен тамыз-желтоқсан айлары арасында өтеді деп күтілуде. Бұл еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға болмақ. Осы жерде «Әкім сайлауы қазақстандықтар үшін несімен маңызды?» деген сауал туындайды.

Біріншіден, ауыл әкімдері халықпен тікелей қарым-қатынаста болған соң, бұл қадам билік пен халық арасында, мемлекеттік органдардың қарапайым азаматтармен өзара байланысын күшейтуге, жауапкершілігін арттыруға үлкен серпін әкеледі. Әкімді жергілікті халық тікелей өзі сайлауы тиіс. Түптеп келгенде, ауылдарда, кенттерде сайлау өткізу халық билігін орнатудың айқын көрінісі болмақ. Ал біздегі сайлаулар қазіргі уақытта қалай өтуде? Ауыл әкімін аудандық мәслихат депутаттары сайлайды. Ауылда немесе аудандық маңызы бар қалада жергілікті тұрғындардың жалпы жиналысы бар. Ең қызығы, «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заң бойынша, мұндай жиындар түсіндірмелік сипаттан гөрі, хабарландыру сипатына ие. Жергілікті тұрғындардың жалпы жиналысын әкім өзі шақырады, өзі өткізеді. Ал мұндай құқық тұрғындардың белгілі бір бөлігін-

де де болуы тиіс. Жалпы жиналыс өткізу туралы бастаманы әкім емес, олардың өздері көтеруі тиіс.

«Сайлау туралы» заңға енгізілген өзгерістер бойынша, өзін-өзі ұсынуға болады, яғни азаматтардың сайлану құқығы қайтарылды. Бұл дегенінің – талапқа сай келген кез келген азамат аудан әкіміне үміткерлікке өзін-өзі ұсына алады деген сөз. Өзін-өзі ұсынған үміткер ауыл әкімі болып сайланса, ол өз қызметінде мәслихатқа тәуелді болмайды. Бұл тұрғыда мәслихат пен әкімнің арасында қарама-қайшылықтар да болуы ықтимал.

Еліміздегі әкім сайлауы институты туралы айтар болсақ, жергілікті өзін-өзі басқару ісін дамыту мен мемлекеттік қызметтерді бөлісу бастамасы 1995 жылдан бастап жүзеге асып келеді. Бұл мәселе 1997 жылғы Жолдаудан бастап айтылды. Алғаш рет әкім сайлауы 1999 жылы Шамалған ауылында өткізілді. 2001 жылы «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң қабылданды. Сол жылы еліміз бойынша 20 елді мекенде әкім сайлауы өтті. Бірақ бұл жердегі жүйе бойынша, адамдар сайлаушыларды таңдады, ал сайлаушылар әкімді сайлады. 2005-2006 жылдары кейбір аудандық маңызы бар қалаларда өткен сайлауларда әкімді аудандық мәслихат депутаттары сайлады. Кейін осы жүйе негізге алынып, қалыптасып кетті. Алайда бұл жүйенің кемшіні тұрсы – тұрғындары тікелей дауыс бере алмайды. 2013 жылдан бастап әкімдер осы әдіспен жанама, яғни мәслихаттар арқылы 4 жылға сайланды. 2017 жылы екінші сайлау өтті. Енді мәслихат сайлаған ауыл әкімдерінің өкілеттігі тоқтаған 2021 жылы сайлау халықтың қатысуымен тікелей өтпек.

ҚҰҚЫҚ

тиіс. Бұл ретте онлайн сауалнаманы да қолданған жөн», – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы.

Қазақстанда соңғы кезде қоғамды демократияландыру деңгейін арттыру жолында бірқатар оң қадамдардың жүзеге асырылып жатқандығын айта кеткен абзал. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру қолға алынды. Аталған тұжырымдама аясында мемлекеттік органдар тек азаматтардың күнделікті мәселесіне байланысты жауап қатып қана қоймай, билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог қалыптаспақ. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі азаматтық диалогты дамыту ісіне тың серпін берді. Жалпыұлттық диалог үдерісін орнықтырып, өз миссиясын орындаған кеңестің қарқынды жұмысының нәтижесінде саяси реформалар топтамасы жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» демократиялық тұрғыдан мүлде жаңа заң қабылданды. «Саяси партиялар туралы», «Сайлау туралы», «Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» заңдарға өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ Қылмыстық кодекстің 130-бабын қылмыс санатынан алып тастау және 174-бабын ізгілендіру үшін өзгерістер қабылданды. Бұл – саяси саладағы реформалардың бастамасы ғана. Оны жаңғырту ісі алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Ел Президентінің айтуынша, келесі маңызды қадам аудан әкімдерінің тікелей сайлауы болмақ және ол 2024 жылы өткізіледі деп күтілуде.

Елімізді демократияландыруға және жергілікті басқару институтын нығайтуға елеулі үлес қосатын бұл бастама қоғамда қызу талқыланып жатыр. Отан-

дық сарапшылар Жолдауда көтерілген тікелей әкім сайлауының маңызына ерекше тоқталып, оның үлкен саяси реформа екенін еске салады.

ҚР Президентінің көмекшісі Ерлан ҚАРИН әлеуметтік желідегі парақшасында: *«Қазақстанда саяси реформалар мен мемлекеттік институттар өзгерісі кезең-кезеңімен енгізіліп келе жатыр. Соның арқасында қоғамда белгілі бір дағдылар қалыптасты. Егер барлығын бір күнде енгізсек, әрине, мұндай демократиялық институттар да өз тиімділігін көрсете алмас еді.*

Өкінішке қарай, жергілікті жерлерде азаматтық құндылықтардан гөрі алдыңғы қатарға басқа да факторлар жүйесі шығып кетіп жатады. Соның бір көрінісі – руға, жерге бөліну: Әрине, ондай факторлардың ықпалы болуы мүмкін. Бірақ біздің қоғам үлкен өзгерістер үстінде, жаңа саяси, әлеуметтік нормалар қоғамдық қатынастар жүріісіне де белсенді енуде. Сондықтан бұл азаматтар арасында жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуына да оң әсерін тигізеді. Бір жағынан, жаңа айтып отырған трайбализм демократиялық институттардың қызмет етуін тежеуі мүмкін, екінші жағынан, осындай демократиялық институттарды енгізу арқылы біз жоғарыда айтылған жағымсыз факторлардың ықпалын әлсіретеміз. Бұл – өзара байланысты фактор», – деп жазған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында аудан әкімдерін сайлауды ұсынғанымен, оның нақты механизмдерін айқындамады. Сарапшылар бұл бастаманың қаншалықты нәтижелі болатыны ең алдымен сол механизмдерге байланысты дейді.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Марат ШИБУТОВ, саясаткер:

– Мен айтар едім, биылғы өткен сайлауда Nur Otan және басқа да партиялардың тізімі бойынша саясат сахнасында жаңа есімдер пайда болды. Пайда болып қана қоймай, мәслихаттарға және Мәжіліске депутаттыққа өтті. Әкімдер сайлауынан да осындай нәтиже күтілуде. Билік басына келген 30-40 жастағы адамдардың ойлауы да, адамдармен қарым-қатынас жасау стандарттары да өзгеше болады. Еліміздегі ересектердің орта жас мөлшері 30 жас шамасында. Егер халықтың жасы 30-да, Парламенттің жасы 60-та болса, бұл өзара қарым-қатынасты қиындата түседі. Ал 30 жас шамасындағы жұртшылық пен 35-40 жастағы әкімнің тез тіл табысып кетері анық. Міне, біз осындай реформаларды күтудеміз. Бұл бариамызға да, соның ішінде сайлау процесіне қатысы бар саяси топқа да, барлық белсенділерге де ыңғайлы болары сөзсіз. Бұл – жаңа саясаткерлердің, жаңа тұлғалардың пайда болуына жол ашатын өте күшті саяси процесс.



Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

АЙНАЛАМНАН ЖЫЛЫЛЫҚ ІЗДЕП ЖҮРМІН

«Заң газетінің» 2021 жылғы 16 наурыздағы 21-22-санында жарияланған жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының «Көленке» деген шығармасын үлкен қызығушылықпен оқып шықтым. Басында басылым бетінде жарық көрген көп шытырман шығарманың біріндей көрінген.

Шығармалардың әрқайсысы ерекше ғой. Ал «Көленке» ерекше еңбек екен. Қылмыскердің бейнесі, ату жазасының орындалу процесі барысындағы жазушының сезген, түйсінген ішкі тебіренісі де керемет суреттеліпті. Жазушы бір оқиғанын желісімен қоғамдағы талай түйткілге баға берген. Жылылыққа зәру қоғамның кемшілігін дөп басқан. Мысалы, үлкенді-кішілі дәрежедегі басшылардың көпшілігінің бойынан АДАМГЕРШІЛІК деген асыл қасиет табыла бермейді. Жазықсыз 21 жылға сотталып кеткен адамның үйіне барып, бүкіл талап-тілектерін тыңдап, құлақ асып, шама-шарқы жеткенше жәрдем жасаған басшылардың өз қателігін мойындай білгеніне риза болдым. Осыдан кейін өзім білетін басшылардың бойынан үлкен ізгілік, имандылық қасиеттерді ойша іздеп көрдім. Қазіргі қоғамда өзге біреулердің кінәсі үшін басшылардың ит өлген жерге дейін барып тұрып кешірім сұрауы, онымен ғана шектеліп қоймай, уәделерінен тайқып кетпей айтқанын орындап шығуы өте сирек кездесетін жағдай.

Осындайда бір ағамыздың: «Бұрын кез келген мекемеге «Ассалаумайейкум, аға!» деп кіріп баратын едік. Ол кезде мекеме басшылары үлкен кісілер болатын. Сонысына қарамай, орындарынан ыршып тұрып қолын ала жүгіретін. Ал қазір жұмсақ орындықта отырғанның көбі жастар. Олар өздігінен сәлем бермейді. Жастың да, кәрінің де өзі келіп сәлем беруін күтеді не жөндеп сөйлеспейді» деген сөзі еріксіз есіме түседі. Қайда жүрсе де, қандай қызметте болса да, бай болсын, кедей болсын, өзінің адамшылығы мен кісілігін ұмытпай, сақтай білген АДАМДАР азаймаса екен дейсің сондайда. Оларды осылай көпшілікке паш етіп жүрген Нағашыбек Қапалбекұлы секілді жазушы ағаларымыз да, әдемі шығармаларды халыққа ұсынып отырған редакция ұжымы да өсіп, өркендей берсін!

**Нұрлыбек КӘДІРОВ,
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

Еліміз соңғы жылдары цифрлы технологияны кеңінен қолдана бастады. Нәтижесінде анықтамалардың барлығын электронды түрде алып, әсіресе, карантиндік кезеңде онлайн қызметтің маңыздылығын сезіне түстік. Соның ішінде сот саласы да пандемия кезінде сот отырыстарын онлайн өткізіп, азаматтар қауіпсіздігін басты орынға қойды және көптің күткен сеніміне сай әділ сот төрелігін құра білді.

Осы орайда айта кетер жайт, қоғамның ашықтығы мен қабылданып жатқан шешімдердің жариялылығын қамтамасыз ететін цифрлық технологияға халық бой үйретіп, уақыттың сұранысы екенін түсініп келеді. Сот жүйесінде заманауи технологияларды кеңінен қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетіп, төрешілдік кедергілерді қысқартуда. Сондай-ақ сот мамандарының азаматтармен байланысын азайтып, жүйеде тамыр-таныстық пен сыбайластықтың жолын кесетінін байқап отырмыз. Осы тұрғыдан алғанда, сандық жүйе халықтың сотқа деген сенімін арттыруға да оң

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ – ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ

Бүгінгі соттар – кешегі билердің сарқыты. Ал қазақ қоғамында билерге деген құрмет пен ықылас ерекше болған.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, ел Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді. Сот шешімі, үкімі мен өзге де қаулысының республиканың барлық аумағында міндетті күші болады.

Сот отырысына дер кезінде келмеген азаматтар сотқа қатысушылардың ғана емес, сонымен қатар, судьяның да уақытын алып, жұмысына кедергі келтіреді. Ал, сотқа құрметтемеушілік білдіргендерге заң талаптарына сай жауапкершілік көзделетінін көпшілік біле бермейді. Ол – сот отырысына төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбау, балағаттау, алкогольді ішімдік ішкен күйде келу, сот отырысына дәлелді себептерсіз келмеу сияқты әрекеттерден көрінеді.

Пандемияға орай сот процестері онлайн форматқа көшкен. Онлайн сот отырысы көбіне WhatsApp қосымшасы арқылы жүргізіледі. SMS хабарлама арқылы сотқа шақырту алған әрбір азамат хабарламада көрсетілген уақытта онлайн сот отырысына қосылуы қажет. Кей кездері сот отырысының хатшылары іс бойынша сотқа қатысушы тұлғаларды

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖҰМЫСТЫ ЖАНДАНДЫРДЫ

әсер етіп жатқанын байқау қиын емес. Бүгінде ақпараттық технологиялар арқылы сотқа талап-арыздар мен шағымдарды беру, құжаттардың көшірмесін алу және іс материалдарымен танысу мүмкіндігі онтайлана түсті. Цифрлы технология халықтың да уақыты мен қаражатын үнемдеп, сот ісін жеңілдетіп, ақпараттық технологияларды дамытуға, бюджет қаражатын үнемдеуге мұрындық болып отыр.

Барлық сот процесі залдарын дыбыс және бейнежазба құрылғыларымен жабықтау Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы сот жүйесінің алдына қойылған негізгі міндеттерінің бірі болатын. Бүгінде Қазақстан соттары сот төрелігінің барынша ашықтығын қамтамасыз ету үшін санды форматтағы дыбыс және бейнежазбаға түсіру құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Ол жазбаларды тоқтатуға немесе редакциялауға мүмкіндік жоқ. Бұл судьяларды және сот мәжілісіне қатысушыларды тәртіпке

шақырып, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің әділдігі мен ақиқатын қамтамасыз етуге мүмкіндік тудырып отыр. Дамудың жаңа сатысына өтіп, заманауи технологиялармен жаратқанған сот жүйесі халыққа барынша әділ, жедел қызмет көрсетуде. Жаңа технология сот төрелігінің мінсіз қызметін құру, сот жүйесіне сенімсіздікті жою, сот ісін жүргізуді жеңілдету, сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру, қағазбастылықтан босату, ең маңыздысы, қоғамның сот органына сенімін арттырып, жемқорлықты жоюға тікелей бағытталғанымен де маңызды болып отыр. Сондықтан сот саласындағы заманауи ақпараттық технологиялардан алдағы уақытта да оң нәтиже күтеміз.

**Қайрат САРСЕКЕЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы**

WhatsApp арқылы сот отырысына қосқан кезде көптеген келеңсіз жағдайларға тап болып жатады. Мысалы: адамдардың киінбей отыруы, ваннада болуы, сағыз шайнап отыруы, сот отырысында төрағалық етушінің рұқсатынсыз басқа бөлмеге шығып кетуі, орнында отырып сөйлеуі сияқты жағдайлар жиі кездеседі.

Ал бұл үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабының 1,2-бөліктерінің талаптарына сай жауаптылық бар. Процеске қатысушылардың шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ сотты судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінітін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) ескерту жасауға немесе 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

«Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңның 1-бабының 3-бөлігіне сәйкес, сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Қылмыстық кодекстің 407–411-баптарымен сот төрелігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, соның ішінде, сотты құрметтемеушілік үшін жауаптылық көзделген. Мысалы, өткен жылы Темір аудандық сотында ӘҚБ-ТК-нің 653-бабының 1-бөлігімен әкімшілік іс қаралған. Онда С. деген азамат өзіне қатысты әкімшілік іс бойынша тағайындалған сот отырысына масаң күйде келген. Бұл – жауапсыздықтың, сотты құрметтемеудің белгісі. Азаматқа сот қаулысымен ескерту жасалды.

Г.МАХМЕТОВА,

**Темір аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖИНАҚТАҒЫ ҚАРЖЫНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРГЕНДЕР КӨП

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шыны керек, бұл өзгеріс халықтың зейнетақы жүйесіне деген сенімін нығайта түсті. Қордағы қаржы уайымсыз қарттықтың кепіліне айналды. Мұның соңы көлеңкелі жолмен, екі бухгалтерлік есеп жүргізіп, шынайы жалақысын жасырғысы келетіндердің санын азайтары күмәнсіз. Өйткені қазіргі кездің өзінде жалақысының он пайызын зейнетақы қорына аударғысы келетін, жұмыс берушіден де соны талап ететіндердің қатары арта түсуде.

Жыл басында Президентіміз «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойып, зейнетақы жүйесіне қатысты өзгерістерді заңдастырып қойды. Заңға сәйкес, Қазақстан азаматтары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жинақтарының шекті сомадан асқан бөлігін қажетіне жарата алады.

Бүгінгі таңда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жиналған салымдардың жалпы сомасы – 10 трлн 800 мың теңге екені, 9,9 млн адамның зейнетақы шоты бар екені белгілі болып отыр. Сондай-ақ 5,3 млн адамның шотында 500 мың теңгеге дейін қаржы болса, 1,6 млн адам 500 мыңнан 1 млн теңгеге дейін жинаған. Республика бойынша 10 млн және одан да көп

салым салған азаматтардың саны – 72 мың 448 екен. Демек, қаншама адамның табан ақы, маңдай терінің рахатын дәл қазір көруіне мүмкіндік туды деген сөз.

Халқымыз жинақтағы ақшаны тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, ипотекалық қарызын өтеуге, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін емделуге және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға ақы төлеу үшін, сондай-ақ жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін пайдалана алады. Айта кетер жайт, бүгінгі күні қордағы қаржысының бір бөлігін алу үшін 211 мыңнан астам адамнан өтініш түскен. Олардың басым бөлігі ақшаны тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін сұраған. Соған орай қордан арнайы шотқа 740 млрд теңгеден астам қаржы аударылған. Ал емделуге деп екі мыңдай адам өтініш жіберген. Оның басым бөлігі мақұлданып, олардың шотына бір млрд 200 млн теңге аударылған. Ал 500-ден астам азамат қордағы қаржысын өзге компаниялардың басқаруына беруді қалаған көрінеді. Әлі де болса қордағы қаржыға сұраныс тастаушылар қатары арту үстінде. Демек, алдағы уақытта зейнетақы қорындағы қаржысының рахатын көретіндер саны көбейе түспек.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ресми сайтында жазылған ақпараттарға сүйенсек, тұрғындар

зейнетақы жинақтарының бір бөлігін өзінің, жұбайының, жақын туыстарының тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында алып, сонымен бірге өзі, жұбайы, не жақын туыстары үшін емделу ақысын да төлей алады. Яғни, зейнетақы қорындағы қаражатты туыстардың біріктіре отырып, мақсатты түрде жұмсап, тілектерін орындауына да рұқсат етіледі. Шыны керек, қазір ел ішінде түрлі наукас көп. Қолдағы қаржысы жетпей, шипа іздеп, шекара аскысы келетіндерге де бұл қаржы үлкен көмек болғалы тұр. Егер салымшы заңда көрсетілген барлық талаптарға сай келсе, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін бір немесе басқа мақсатқа қайта пайдалануына да болатыны заң жүзінде айқындалған. Мұның өзі зейнетақы қорындағы қаражатқа бір реттік пайдалану құралы ретінде ғана емес, болашақта да пайдаланып, зейнетақы қорына тұрақты түрде қаражатты аударып отыруға ынталандыратыны байқалады.

Зейнетақы қорындағы қаражатты пайдалану механизмінің мұқият ойластырылуы үшін әр бағыттың тиесілі органға сеніп тапсырылуы да қаржының мақсатты түрде жұмсалыуына жол ашып тұр. Мәселен, қордағы қаржы есебінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту тәртібін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі бекітсе, ал медициналық көмек алуға азаматтарды жіберу қағидаларын Денсаулық сақтау министрлігі айқындауда. Қаржысын өз басқаруына алғысы келетін зейнетақы активтерін сенімгерлік

Маман пікірі



Айдос ӘКІМ, экономист:

– Зейнетақы қорындағы қаражатты жеке мақсатта қолдану – әлемдік тәжірибеде бар нәрсе. Біздің елімізде де аталмыш мәселенің қолға алынуы халықтың зейнетақы жүйесіне деген сенімін жоғарылатып қана қоймай, тұрақты түрде төлем аударып тұруына да мұрындық болады деген ойдамын. Сондықтан алдағы уақытта салымшылардың қатары арта түседі деген үмітім бар. Шыны керек, зейнет жасына жеткенде зейнетақы қорындағы ақшаны инфляция жеп қояды. Осының алдын алу үшін зейнетақы қорындағы ақшаның ертерек пайдалануға берілуін өте дұрыс деп санаймын. Мәселен, Малайзияда қажылыққа барғысы келген адамды зейнетақы қоры толығымен қаржыландырады. Яғни, кез келген адамның Меккеге зейнетақы қорындағы ақшасымен барып келуіне мүмкіндік жасалған. Сингапурда зейнетақы қорындағы ақшаға үй алу тетігі жасалған. Осы орайда біздің елімізде зейнетақы қорындағы шектік мөлшерден асқан қаржының емге, баспанаға, ипотекалық қарызын өтеуге жұмсалудың құптаймын. Алдағы уақытта қолданыс аясы кеңейе түссе тіпті дұрыс болар еді.

басқаруға беру қағидаларын Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі белгілеп отыр. Яғни, халықтың қаржыны мақсатты түрде жұмсап,

басқаруы барынша ойластырылған деуге болады.

Қуаныш ӘБІЛДӨҚЫЗЫ

БІЛІМ

Еліміз тәуелсіздігін алған жылдары мемлекеттік оқу орындарымен бірге мемлекеттік емес оқу орындарына мамандар дайындауға заңды түрде мүмкіндік берілді. Осы орайда «Қайнар» академиясы колледжі 1999 жылы ашылса, Алматы экономикалық-құқықтық және педагогикалық колледжінің іргетасы 2013 жылы қаланып, елімізге қажетті кәсіп иелерін дайындау ісіне кіріскен еді. Міне, содан бері колледждерде оқу-тәрбие жұмыстары талапқа сай ұйымдастырылып, мамандықтарына сай терең теориялық білім беріліп және ол білім дағдыларын практикада қолдана алатындығын көрсетіп келеді.

Қазіргі таңда «Қайнар» академиясы колледжі 4 мамандық бойынша мамандар даярлауда. Олар: «Бастауыш білім беру», «Есеп және аудит», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», «Құқықтану». Ал Алматы экономикалық-құқықтық және педагогикалық колледжі: «Бастауыш білім беру», «Аударма ісі», «Ту-

БІЛІКТІ МАМАН ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

ризм», «Менеджмент», «Менеджер», «Кеңесші-заңгер», «Бастауыш сынып мұғалімі», «Халықты әлеуметтік түрде қорғау бойынша маманы», «Құқықтану», «Қаржы», «Қаржылық жұмыс жөніндегі экономист», «Техник-программист», «Экономист-бухгалтер», «Есеп және аудит», «Ақпараттық жүйелер» мамандықтары бойынша мамандарды даярлап келеді.

Жастарды оқытып тәрбиелеуде ұзақ жыл еңбек етіп жүрген тәжірибелі ұстаздар мен талапты, ізденгіш жас оқытушылар қоян-қолтық қызмет етеді. Ғылыми атағы бар ғалымдар да, ұзақ жыл өнімді еңбек етіп жүрген ұстаздар да, талапты жас оқытушылар да өздеріне артылған ауыр да жауапты іске адал қызмет етуге тырысады.

Оқу орнымызда жыл сайын студенттерді кәсіби жағынан дамыту жолын көздеген ғылыми практикалық конференциялар, семинарлар ұйымдастырылады. Білім алушылар келісімшарт негізінде кәсіпорындарда, түрлі мекемелерде, мектептерде практикада болып, тәжірибе жинайды. Колледж қабырғасында алған теориялық білімдерін практикада қолданып, кәсіби шеберліктерін шыңдайды. Түлектердің жыл сайын 90%-дан астамы жұмысқа орналасады.

Қазіргі таңда колледждер онлайн форматта өз қызметін атқаруда. Елбасының «Білім экономикасы» саясатын үлгі етіп, дамыған озық технологиялар мен инновациялық әдістерді қолдана



отырып студенттерге жаңаша білім беруде. Бүгінде мұнда мыңнан аса студент білім алуда.

Сондай-ақ, студенттер арасында онлайн форматтағы байқаулар да жиі ұйымдастырылып тұрады. Нақтырақ тоқтала кетсек, ақпан айында студенттер арасында ақпаның ақын М.Мақатаевтың туған күніне орай онлайн поэзиялық адалдық сағаты, колледж студенттері арасында коронавирус індеті туралы өздігінен ақпараттандырып,

сақтық жолдарын бейнелеу арқылы насихат етуді көздеген «Сак бол: корона-вирус!» қабырға газеті сайысы, Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған «Алғыс сағаты» және тағы басқа мәдени және тәрбиелік маңызы зор шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, студенттер арасында тәртіп пен білімді қатар менгеру мақсатын көздейтін «Көшбасшылар клубы», «Пікірталас клубы», «Рухани байлық: психологиялық тренинг клубы», «Шахмат клубы»

ұйымдастырылып, өз жұмысын атқарып келеді.

Ал колледж білім сапасын арттыру мақсатында оқытушылар ұйымымен құрылған D.I.Q. (Development – даму; Innovation – инновация; Quality – Білім сапасы) жобасы негізінде жұмыс жүргізілуде. Бұл білім жобасының мақсаты – студенттер арасында жаңаша ойлау, тұлғалық, біліммен қатар жан-жақты заманауи дағдыларды қалыптастыру. Сонымен қатар, студенттердің бойындағы негізгі сөйлеу дағдылары, яғни тыңдалым, пікір алмасу, жазылым және визуалды көріністерді дамыту негізгі ұстаным болып табылады.

Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш. Сондықтан «Қайнар» академиясы колледжі мен Алматы экономикалық-құқықтық және педагогикалық колледжінің түлектері өздері таңдаған білім саласында көшбасшы болуға және ел мен қоғамға пайда әкелуге ұмтылады.

Нұрлан АПАХАЕВ,
«Қайнар» академиясы
колледжі және Алматы
экономикалық-құқықтық және
педагогикалық колледжінің
директоры

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАРЖЫНЫ ПАЙДАЛАНУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ КЕРЕК ПЕ?

Дайрабай ҮСПІБАЕВ, экономист:

– Негізгі зейнетақы қоры 5 факторға тәуелді. Атап айтсақ, ол азаматтың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне, еңбек табысына, салымдардың тұрақты түрде салынуы мен инвестициялық кірістерге және салымдардың мөлшерлемесіне тікелей қатысты. Осыны естен шығармау керек. Қордағы қаржыны қолжетімді ету үшін осы бес факторды талапқа сай еткен жөн. Қазір көптеген ел індеттен соң денсаулығын қалыпқа келтіруге көңіл бөлуде. Сондықтан, қордағы қаржы осы салаға бағытталса өз басым қуанар едім. Бүгінде емделу үшін біржолғы зейнетақы төлемін алу тәртібі мен көрсетілетін медициналық қызмет түрлерінің тізімі айқындалған. Соған орай тұрғындар біржолғы зейнетақы төлем есебінен қымбат ем алу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, емдеу диагностикалық зерттеулер жүргізу, еліміздің медициналық ұйымдарында көрсетілетін стоматологиялық қызметтерді, операциядан кейінгі тыртықтар мен туа біткен ақауларды емдеуге алады. Сондай-ақ мемлекет аумағындағы шипажайларда ем алып, офтальмологиялық медициналық қызметтерді пайдалана алатыны айтылуда. Бірақ мен алаңдайтын бір мәселе – пәтер бағасы секілді медициналық қызметтер қымбаттап кетпесе екен. Жүйенің мақсатқа сай жұмыс істеуі үшін нарықтағы үй бағасы, дәрі-дәрмек, медицина қызметтерінің қымбаттамауы қадағаланса дұрыс болар еді. Зейнетақы қорындағы жинақ тұрақты түрде толтырылып отырса, зейнетақы жүйесін жаңғырту жұмыстарын тіпті оңтайландыра түсуге, қолжетімді қылуға мүмкіндік көбірек болар еді. Сондықтан жұмыспен қамтушылардың жауапкершілігін әлі де болса көтеру керек. Жалпы, жүйе көңілден шығады. Халықтың ақшасы құнсыздануға жол берілмей дер кезінде әжетке жарап жатқаны қанатады.

Айдар ӘЛІБАЕВ, экономист, зейнетақы жүйесі сарапшысы:

– Демек, шектік мөлшерді бұдан төмендетсе немесе қордағы қаржысының тең жартысын алсын деген өзгеріс енгізілсе, оң болар еді. Өкінішке орай зейнетақы қоры ондай ақшаны тауып бере алмай қалуы мүмкін. Ондай қауіп болмаса, шектік мөлшерді әлі де төмендеткен орынды. Сонда жүйенің халыққа қолжетімді бола түсері күмәнсіз. Қордағы қаражат қолжетімді болса, оған түрлі сұранысты да көбейте түсуге болады. Қазіргідей карантин жағдайында халықтың қордағы қаржыға көп үміт артып отырғаны даусыз. Осы жағын ескерген жөн.

Сонымен бірге, азаматтардың қордағы қаржысын қандай да бір кәсібін өркендетуге жұмсауына рұқсат берілсе құба-құп. Бұл ел экономикасына да айтарлықтай пайдалы. Басында баспанасы бар, денсаулығы жақсы, қаржысын кәсіп ашуға жұмсағысы келетіндерді ескермей отырғанымыз өкінішті. Өз басым қордағы қаржыға несие жапқаннан гөрі, қайтарымы бар нәрселерге салуды қолдар едім.

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӨҚЫЗЫ

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



САРАП

ПӘРМЕН

СУДЬЯ ПІКІРІН
АЙТУҒА ҚҰҚЫЛЫ

Судья өзінің пікірін айтуға құқылы «Барлық мәселені кадр шешеді», – деген тәмсіл әлі күнге мәнін жоғалтқан жоқ. Қарапайым халықтың мұңын тыңдап, қордаланған мәселесін шешіп, оларға сапалы қызмет көрсететін бірден-бір тұлға – мемлекеттік қызметшілер. Бірақ мемлекеттік қызметтегілердің барлығы мықты кадр ма? Бұл сұрақтың жауабын кейінгі кезде қазақ қоғамында жиі орын ала бастаған халықтың наразылығынан байыптауға болатын секілді.

Халық наразылығы өршіп кетпеу үшін қоғам мен мемлекеттік билік арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыруға ерекше мән берілуі қажет. Бүгінгі таңда аталған мәселе бойынша мемлекет тарапынан бірқатар шаралар қарастырылып жатыр. Соның ішіндегі ең салмақтысы да өзектісі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) қабылдануы. Аталған заңнама қоғам мен мемлекеттік биліктің ықпалдаса жұмыс істеуіне барынша әсер ететін құрал бола алады деген үміттеміз. Ал енді, осы кодекстің қандай ерекшеліктері бар, соған тоқталайын.

ӘРПК-нің міндеті – мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруымен және жария-құқықтық қатынастардан туындайтын істерді қарау бойынша сот ісін жүргізумен байланысты мәселелерді шешу. Соның ішінде, әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде



Дәулетияр МАШРАПОВ,
Астрахан аудандық сотының төрағасы

қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

Өздеріңізге белгілі, жария қатынастардың қатысушылары болып бірінші тараптан мемлекеттік, әкімшілік органдар, лауазымды тұлғалар, екінші тараптан жеке және заңды тұлғалар болып табылады. Бұл екі тараптың арасында дау-дамай туындағанда, әрине, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың мүмкіндігі басымырақ болады. Өйткені олар белгілі бір салада тұрақты түрде жұмыс атқарып жатқан, небір құйтырқылықтың қыр-сырын меңгерген мамандардан құралған үлкен ұйым. Ал оларға қарсы тұратын жеке және заңды тұлға жалғыз. Осы жерде екі тараптың арасында заңдық тұрғыдан теңсіздік пайда болады.

Бүгінгі қолданыстағы заңнама осы жеке мүдде мен қоғамдық мүдденің теңгерімін қамтамасыз ете алмай отыр. Ал

енді, аталған олқылықтың орнын толтыру үшін ӘРПК-да жоғарыда аталған мүдделердің теңгерімін жүзеге асыратын бірқатар нормалар қарастырылған. Бұл нормалар ӘРПК-да әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттары ретінде нақты белгіленген. Осы қағидаттардың нормаларын зерделеу барысында кодекстің 12-бабындағы «Құқықтар басымдығының қағидатына» аса мән бердім, яғни бұл қағидатта «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушы пайдасына түсіндіріледі, – деп тайға таңба басқандай етіп көрсетілген.

Жоғарыда айтылған жеке мүдде мен қоғамдық мүдденің теңгерімін болашақта қамтамасыз етуге бірден-бір үлес қосатын қағидаттың бірі – «Сенім құқығын қорғау» қағидаты. Яғни, бұл бапта: «әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның, лауазымды адамның қызметіне сенімі Қазақстан заңдарында қорғалады. Әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот Республика заңнамасына сәйкес теріс деп белгілемейінше, әкімшілік акті, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) заңды және негізді деп есептеледі. Әкімшілік органның, лауазымды адамның кінәсінен қабылданған заңсыз әкімшілік акт, сондай-ақ әкімшілік органның, лауазымды адамның кінәсінен жасалған заңсыз әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) әкімшілік рәсімге қатысушы үшін ауыртпалық салатын салдарға алып келмейді.

ӘРПК-нің 16-бабында көрсетілген «Соттың белсенді рөлі» қағидатында сот барынша жеке және заңды тұлғалар құқығының қорғалуына көңіл бөле отырып, өзінің бастамасымен мемлекеттік органдардан қосымша дәлелдемелер талап етуге құқылы екендігі белгіленген. Яғни, заң шығарушы осылайша сотқа әділдік пен шындықтың түбіне жетуге мүмкіндік берген. Сондай-ақ, осы бапта судьяның әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы екендігі көрсетілген. Қорыта келгенде аталған кодекс мемлекеттік басқару органдарының қызметін жаңа сапаға көтеруге бағытталған.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



ға мүмкіндік туғызады. Ендеше, медиацияның дамығанынан бізге пайда көп. Ал бірақ, даудың өзара келісіммен бітуі тек соттарға ғана тиімді емес қой. Медиативтік келісімнің жасалуы қарапайым азаматтардың да уақыты мен қаржысын үнемдеуге қолайлы.

«Медиация туралы» заң кез келген азаматтық келіспеушіліктерді, апталап, айлап қарамай-ақ, керісінше, істің күрделілігіне қарай бір-екі сағатқа немесе бір күнге шешуге жол ашады. Бұл ең алдымен, азаматтардың онсыз да жетпей жататын алтын уақытын жоғалтудан сақтайды.

УХАЙРУЛЛИНА,
Батыс Қазақстан облысы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

«Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің» 2-бабында кәсіпкерлік ұғымы және оны құқықтық реттеу көзделген. Азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жекеменшік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Бұл қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік қызмет тек Қазақстан Республикасының заңдарымен ғана шектелуі мүмкін.

ЗАҢСЫЗ
КӘСІПКЕРЛІК ҮШІН
ЖАУАПТЫЛЫҚ



Мемлекеттік органдардың жекелеген кәсіпкерлік субъектілерінің артықшылықты жағдайын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер қабылдауына тыйым салынады. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар материалдық және басқа да құндылықтарды, халыққа көрсетілетін қызметті бөлуге, айырбастауға және тұтынуға байланысты орын алатын, қоғамдық қатынасқа зардабын тигізетін, заңдарда көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекет. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қарастыратын нормалар қоғамдық қатынасты қорғауға, ел экономикасының еркін, бір қалыпты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартуға бағытталған. Соңғы жылдарда заңсыз кәсіпкерліктің өсуі байқалады. Осындайлар қаржы жүйесіне деген сенімсіздікті туғызуға және шамадан тыс салықтық ауыртпалықтар келтіруге әсер етеді. Мұндай жағдай көлеңкелі экономиканың өсуіне де ықпалын тигізеді.

Осыған байланысты экономиканы қорғау мемлекет пен қоғамның аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Жыл сайын заңсыз кәсіпкерліктің көптеген фактісі анықталады. Соған сай жазасын алып жатқандар да аз емес. Заңсыз кәсіпкерліктен мемлекет қана емес, заңды кәсіпкерлердің өздері де зардап шегеді. Заңсыз кәсіпкерлік үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде» белгіленген. Аталған кодекстің 463-бабында тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру үшін жауаптылық көзделген.

Өкінішке қарай, көптеген адамдар жөндеу, жалға беру, жолаушыларды көлікпен тасу, сауда жасау және басқа кәсіпкерлік қызметтермен айналысып, тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей заңсыз жұмыс істеп отыр. Салық төлемей пайдалы кәсіп жүргізу заңсыз кәсіпкерлік болып саналады. Егер заңсыз әрекеттер мемлекетке немесе азаматтарға зиян келтірсе, онда қылмыстық, материалдық жауапкершіліктер туындайды.

Заңсыз кәсіпкерлік қызметі үшін әкімшіліктен тыс салықтық, қылмыстық және мүліктік жауапкершіліктер де қарастырылған. Ауданымызда бірнеше адам заңсыз кәсіпкерлік үшін қатаң жауапкершілікке тартылғанын айтып өткіміз келеді.

Асқар ЗИАДА,
Қорғалжын аудандық сотының судьясы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

БІТІМ

ТАҢДАУ ЕРКІ ТАРАПТАРДА

«Медиация туралы» заң 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын. Аталған заңның қолданысқа енуі еліміздегі құқықтық саясатты ізгілендіруге, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мен түрлі шиеленіскен дау-жанжалдардың түйінін бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда медиация көптеген дауды тиімді шешуде, басты құндылықтарды сақтап, жұбайларды жарастыруда, бизнес серіктестер арасындағы кикілжіңді реттеп, іскерлік қарым-қатынасты сақтап қалуға да өзінің септігін тигізіп, тиімділігін дәлелдеп келеді.

Жоғарғы Соттың «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасына сай жүзеге асып жатқан «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасының медиацияны дамытудағы нәтижесі жоғары. Әсіресе, дау шешудегі таңдаудың тараптарға берілуі өзін-өзі ақтауда. Медиацияның басты мақсаты – дауласқан тараптарды бейбіт келісімге келтіру. Мұнда тараптар сот өндірісіндегідей «кінәлі» немесе «кінәсіз» деп бағаланбайды. Барлық елде дау, келіспеушілік, құқық бұзушылықтар кездесіп жатады. Олардың барлығын сотқа сүйреп, сот арқылы әділдік қалыптастыра беру мүмкін емес. Ең алдымен бұл соттардың жүктемесін арттырса, екіншіден, сот арқылы дауды шешу, кінәліні жазалау ұзақ уақыт алатын процесс. Үшіншіден, өкіл жалдау, баж салығын төлеу секілді қосымша шығындарға алып келетіні анық.

Төртіншіден, сотқа дейін жетпеген істерде жеке өмірдің құпиясы сақталады. Сондықтан уақытты да, қалтадағы ақшаны да үнемдеп, сот саласын қосымша жүктемеден арылтудың, мәселені сотқа жеткізбей шешудің бірден бір жолы – медиация жүйесі дер едік.

Батыс Қазақстан облысының ауданаралық экономикалық сотының жанынан фронт-кеңсе ашылған болатын. Ғимаратта ақпараттық орталық, кіріс кеңсесі және өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары орналасқан. Кеңсе дауларды сотқа дейін жеткізбей шешетін медиация кабинетімен жабдықталған. Арадағы өзара ынтымақтастық туралы бекітілген келісімге сәйкес өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері сотқа келіп кезекшілік жүргізеді. Бұл жұмыстың негізгі міндеті – кәсіпкерлер арасындағы дауларды бейбіт жолмен шешу және дауды медиация шеңберінде аяқтау.

Әрине, істердің соттың құзырына жетпей, медиациялық жолмен шешілуі судьяларға тиімді екені рас. Сот жүктемесінің азаюы судьялардың уақытын үнемдеп, назарын неғұрлым күрделі істерге аудару-

СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер бойынша сот отырысының хаттамасын жүргізудің бірнеше ерекшелігі бар. ҚПК-нің 660-бабына сәйкес алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істердің мынандай ерекшеліктерін айтуға болады:

Біріншіден – хаттамада сот отырысына шақырылған алқабиге кандидаттар құрамы және алқабилер алқасын қалыптастыру барысы міндетті түрде көрсетіледі, соның негізінде құрамның заңдылығын негіздеуге болады. Сонымен қатар ескеретін жайт, іріктеуге келген алқабиге кандидаттар тізімі хаттамада көрсетілмей, ол тізім хаттамаға қосымша ретінде тіркелген жағдайда қылмыстық-процестік заңның бұзылуына жатпайды.

Екіншіден – сот отырысының хаттамасында сот талқылауының бүкіл барысы, оның өтуінің дұрыстығын куәландыру керек. ҚПК 347 және 660-баптарының сақталмауы үкімнің күшін жоюға әкелетін қылмыстық-процесік заңның өрескел бұзылуы болып саналады.

Сот отырысының хаттамасына жалпы ереже бойынша тіркелетін қосымша құжаттардан басқа – алқаби кандидаттарына қарсылық білдіру өтініш-хаттары, алқабилердің жазбаша сұрақтары, сұрақ парағының тараптарға ұсынған жобасы, алқабилердің өңірлік істі тіркеді. Жауап алынып жатқан тұлғаға қойылған алқабилердің жазбаша сұрақтары іс құжаттарына қосымша тіркеледі және хаттамада көрсетілуі керек.

Сот отырысының хаттамасын жүргізу «Қылмыстық-процестік заңның сот отырысының хаттамасы жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Жо-

ғарғы Соттың 2005 жылғы 23 желтоқсандағы №11 нормативтік қаулысымен реттеледі. Аталған нормативтік қаулыда алқабилермен қаралатын қылмыстық істер хаттамасын жүргізу ерекшеліктері баяндалмаған, ол ерекшеліктер тек процестік кодекстің бір бабында ғана көрсетілген. Бүгінгі күні алқабилермен қаралатын істердің көбеюіне және 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап бұндай қылмыстық істер қатарының өсуіне байланысты алқабилер қатысуымен қаралатын қылмыстық істер бойынша сот отырысы хаттамасының ерекшеліктерін реттейтін нормативтік акт қабылдау қажет деп есептеймін.

Алтынай АУҒАНБАЙ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының бас
маманы, сот отырысының хатшысы

МІНБЕР

«АҒАШТЫ ТАМЫРЫ, АЛ АДАМДЫ
ЖАНҰЯСЫ ҰСТАП ТҰРАДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақ «Өзіңнен өзің қаша алмайсың» дегенді бекерден-бекер айтпаған. Барынды бағаламаудың соңы белгілі. Заң дайындауда өзге елдің таңсығын көшіреміз деп өкініп жүрген қазіргі қалпымыз соның дәлелі. Әйтпесе, дала заңдылығына бағынған қазақтың ерлі-зайыптылар одағындағы, отбасы тірлігіндегі нәзік мәселені сот арқылы шешкенін қашан көріп едіңіздер? Некені сақтау, ерлі-зайып-тылар арасындағы сыйластыққа сына түсірмеу – занбұзушылықтар мен құқық бұзушылықтардың алдын алудың кепілі.

Анасын сыйлаған азамат – әйеліне қол көтермейді, қызын да, қарындасын да алақанында ұстайды. Қазақ арнайы заң қабылдамай-ақ қызын, қарын-дасын, анасын қорғаған, әрдайым қамқор болып, жүзіне мұң ұялатпаған. Әйел – елдің анасы. Текті әйел текті ұрпақ тәрбиелейді. Яғни, әйелге жасалған қамқорлық, әйелге жасалған жағдай – ұлағатты ұр-пақ өсіру үшін де маңызды.

Сол сияқты, ердің қадірін түсінетін әйел де аза-

матын пір тұтады. Өйткені, бабаларымыз «Балаң хан болсын десең, күйеуіңді патшадай құт» дегенді баяғыда тәмсіл етіп айтып кеткен.


Соңғы уақытта ана мен бала құқығына қатысты талас көбейді. Азаматтар ана мен баланы қорғаудың тетіктерін нығайтуды, ана мен балаға қарсы құқық бұзушылық жасағандарға қатысты заңды қатандату-ды, жазаны күшейтуді сұрайды. Дегенмен, заңның күшімен қоғамды түзейміз, заңның пәрменімен құқықбұзушылықты жоямыз десек қателесеміз. Алдымен сананы өзгертіп, ұлттық тәрбиені, отбасы институтының құндылығын арттыруымыз керек. Әр нәрсенің салдарымен күрескенше, себебін анықтап алғанымыз абзал.

Ана мен баланы қорғаудың түп тамыры отба-сындағы сыйластықтан басталады. Құқықбұзушылық бір күнде орын алмайтыны бәрімізге мәлім. Тек жағымсыз әдеттің сүйекке сіңіп, әлімжеттікке бой үйреніп кетуіне жол бермеуіміз керек!

Тұрысбек МЫЯТБЕКОВ,
Түркістан облыстық сотының төрағасы

ПАЙЫМ

ШАҢҰЫРАҚ –
ӘКЕНІҢ ПАТШАЛЫҒЫ, АНАНЫҢ
ӘЛЕМІ, СӘБИДІҢ ЖҰМАҒЫ



Деректер мен дәйектер-ге көз жүгіртсек, республикамыз-да ресми тіркелген әрбір үшінші неке бұзылады екен. Бұл өте көп. Некені бұзу дегеніміз ерлі-зайыптыларды екіге айыру емес, бұл жерде ең көп зардап шегетіндер – балалар. Олардың ата-анасының ажырасуынан алған психологиялық соққысы тез жазы-ла қоюы екіталай. Ажырасу – балалардың болашақ тағды-рына да кері әсерін тигізіп, теріс жолға түсуіне итермелей-тіні бүкпесіз шын-дық.

«Отан – отбасынан басталады» деген қанатты сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек-ті. Өте дұрыс пайымдалған, терең мағыналы ұғым. Іргетасы берік қаланған, қабырғасы шайқалмайтын, шаңырағы биік отбасы – мемлекетіміздің тірегі. Білімді де сана-лы, елінің ертеңі үшін бойындағы бар жақсы қасиеттерін сарқа пай-даланатын өскелең ұрпақ тәрбиелі ортадан қанат қағады. Оның бойына ізгілік пен адалдықты, мейі-рімділік пен парасаттылықты, тектілікті, адамгершілік асыл қасиеттерді сіңіріп, Самарқанның алмас қылышындай болат шарда шындайтын ең бірінші – ата-ана-сы, білікті ұстаздары, өскен орта-сы екендігі даусыз.

Сондықтан біздер әке-шеше-сін, бауырларын құрметтейтін, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болатын, отанын сүйетін өнегелі ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Сонда ғана ананың ақ сүті, әкенің төк-кен терінің өтеуі қайтып, мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап білім нәрімен сусындатып, тәрбие берген ұстаздардың, үлкен өмірге жол ашқан мемлекеттің еңбегі ақталады. Отбасы бақыты деген кезде – баласы ата-анасы үшін, ата-анасы баласы үшін ұял-майтындай өмір сүрген ортаны көз алдымызға елестетуге тиіспіз.

Отбасылық құндылықтарды негізінен үш топқа бөлуге болады. Соның ішінде дәстүрлі отбасылық құндылықтардың қатарына ата-әже, әке-шешенің ұрпағына, жаңа шаңырақ көтерген бала-келіні-не беретін рухани ақыл-кеңесі жатады. Некені қадірлеу, өтірік айтпау, кісінің ала жібін аттамау, ұрпақ жалғастыру, отансүйіштік-ке тәрбиелеу мәселелері қазіргі құндылыққа жатса, сәби дүниеге

келген күннен бастап, оның ат жалын тартып мінген кезге дейінгі ата-ананың қамқорлығы, тәрбиесі отбасылық құндылыққа жатады.

Осы орайда, Жоғарғы Соттың «Отбасылық сот» пилоттық жо-басы дер кезінде қолға алынған шара деп атар едім. Мұның басты мақсаты – отбасы институтын жандандыру, ажырасуға шешім қабылдаған тараптарға түсінісуге мүмкіндік беру болып табылады. Бүкілхалықтық қолдауға ие болып отырған пилоттық жобаның қол-данысқа енуіне еліміз бойынша шаңырақ көтерген жас жұбай-лардың уақытша қиындықтардан жол таба алмай ажырасуы, көзі тірі ата-анасының бар екеніне қарамастан балалардың толық отбасында тәрбиеленбеуінің кө-беюі де, оларға төленуге тиісті алиментті өндіруде түрлі кедер-гілердің көлденең тұруы да себеп болып отыр.

Статистикаға сүйенсек 2020

жылы Жылыой ауданы бойынша 623 неке қиылған, ал сотқа неке бұзу туралы түскен талап арыз-дар саны – 222, «Отбасылық сот» жобасы аясында 73 отбасы татуласып, одақтарын сақтап қалды. 113 отбасының некесі бұзылды.

2021 жылдың бірінші тоқса-нында Жылыой ауданы бойынша 157 неке қиылған, аталған мерзім-де сот өндірісіне неке бұзу туралы 58 талап арыз түсіп отыр, жобаға сәйкес 25 отбасы татуласып, отба-сын сақтап қалған болса, 30 неке бұзылды.

Деректер мен дәйектерге көз жүгіртсек, республикамызда ресми тіркелген әрбір үшінші неке бұзылады екен. Бұл өте көп. Некені бұзу дегеніміз ерлі-зайып-тыларды екіге айыру емес, бұл жерде ең көп зардап шегетіндер – балалар. Олардың ата-анасының ажырасуынан алған психология-лық соққысы тез жазыла қоюы екіталай. Ажырасу – балалардың болашақ тағдырына кері әсерін тигізіп, теріс жолға түсуіне итер-мелейтіні бүкпесіз шындық.

Отбасындағы бала тәрбиесін-де бабаларымыздың ғасырдан ғасырға жалғасқан қағидағтарын басшылыққа ала отырып, баланы өз перзенті ғана емес, ұлт перзенті ретінде тәрбиелеуді жалғастырып, ұлттық құндылықтар мен отба-сылық құндылықтарды ұштасты-ра қолданса қоғам да, адамдар да ұтылмайтыны хақ. Отбасы – әкенің патшалығы, ананың әлемі, сәбидің жұмағы екенін ұмытпаған лазым.

Болатбек ЖҰМАБАЕВ,
Жылыой аудандық
сотының төрағасы.
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ



ОТАН – ҚУАТ, ОТБАСЫ – ШУАҚ

Отан қуат берсе, отбасы шуаққа бөлейді. Мемлекеттің мықтылығын әр шаңырақтағы татулық, тыныштықпен байланыстыратыны-мыз сондықтан. Ал татулық пен тыныштықтың негізі адам құқығымен тамырлас. Осыған орай зайырлы елдердің барлығында азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау мәселесі басты орында тұрады. Әлемнің дамыған отыз озық елінің бірі болуды көздеген Қазақстан-ның да негізгі құжаты – Конституциясында мемлекеттің ең басты қазынасы адам, оның бостандығы мен құқығы деп көрсетілген. Соның ішінде ана мен бала мүддесінің аяққа тапталмауы ерекше бақылануда.

Мемлекеттің әлеуметтік ахуалы, тұрмыстық жағдайы көбіне-көп ана мен балаға жасалған қамқорлықпен өлшенеді. Біздің елімізде де со-лай. Осы уақытқа дейін қабылданған заңдардың, құқықтық жобалардың кез келгенін қарасаңыз, ана мен бала мәртебесіне дара көңіл бөлінетінін аңғармау мүмкін емес. Тиісінше, Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларында да әйелдерді кемсітуге жол бермеу, балалар құқығының шектелуіне тосқауыл қою тетіктері үнемі қарастырылып келеді. Мысалы, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында сәби сүйе алмай жүрген аналарға көмек берудің жолы көрсетіліп, сонымен бірге, балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесіне ерекше ден қойылған.

«Біз көмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты жыныстық сипаттағы әрекеттері үшін қылмыстық жазаны едәуір қатандаттық. Алай-да бұл проблема әлі де ушығып тұр. Мұндай қылмыскерлер рақымшылық алу және мерзімі-нен ерте босау құқығынан айырылып, мейлін-ше қатаң жазалануы керек. Оларды қауіпсіздігі барынша жоғары түзеу мекемелерінде оқшау-лаған жөн», – деді Мемлекет басшысы. Шынту-айтына келгенде, балалардың зардап шекпеуі, азаптау құрбаны болмауы – барша қоғамға сын. Мемлекет тарапынан мұндай олқылықтардың орнын толтыруға әрекет жасалып жатыр. Ал қоғам оны қолдауы, балалар құқығын қорғау ісіне белсене араласуы керек.

Өкінішке орай, балаларға қатысты зор-

лық-зомбылық, кемсітушілік, қорлық ортаның көңіл бөлмеуінен, азаматтардың бір-бірінің мәселесіне немкетті қарауынан орын алып жатады. Ең сорақысы, аналар мен балаларға залалын тигізетін, құқығын таптайтын – өзінің жақындары. Отбасы – олар үшін бақыттың, сыйластықтың, жарасымдылықтың мекені емес, қорқыныштың, азаптың ордасына ай-налған. Әлімжеттік көрген ана мен баланың көпшілігі отбасындағы азапты айналасына жеткізе алмайды. Іштей тұншығады, өзінің құқығын қорғауға көпшілігінің құқықтық сауаты да жете бермейді. Зорлықшылар соны пайдаланып ойына келгенін істейді. Ана мен балаға қатысты зорлық-зомбылық деректерінің құзырлы орындарда аз тіркелуі, тіркелген күннің өзінде сотқа жетпей тараптардың та-туласуына, жәбірленушінің арызын қалтарын алуына байланысты тоқтауының сыры осында. Мұндайда қоғамның бір-біріне жанашырлығы, бақылауы маңызды рөл атқарады. Көршінің, әріптесінің, танысының көңіл-күйіндегі, бет-әлпетіндегі өзгерісті көре тұра үндемей қалу – қылмыскерге болысумен бірдей. Сон-дықтан, айналаңыздағы жандар зорлық-зом-былық құрбанына айналмауы үшін өзіңіз көр-ген, куә болған құқықбұзушылықты жасырып, үндемей қалуға болмайды.

Осы Жолдауда Мемлекет басшысы: «Бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанның азаматтары да интернеттегі ғайбаттаулардан қорғана алмай отыр. Бұдан ең алдымен балалар зардап шегу-де. Олар интернет арқылы тараған қокан-лоқы-ның әсерінен қатты қиналады. Өкінішке қарай, соның салдарынан қайғылы жағдайға да ұшы-рап жатады. Азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шараларды қабылдайтын кез келді» деп атап өтті. Интернет, әлеуметтік желінің алдында қазір бәріміз қауқарсызбыз. Десек те, балалар-ды зиянды ақпараттан қорғап, жүйкесіне жүк салмау мәселесі заң қабылдаумен шешілмейді. Ол үшін әр ата-ана өз баласын сыртқы ықпал-дан, ғаламтордың теріс тәрбиесінен қорғай білуі керек.

Меруерт ТОҒЫЗБАЕВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

БІЛГЕН ЖӨН

МҮЛІКТІК ДАУ
ТУЫНДАМАСЫН ДЕСЕК...

Отбасылық қатынастардан көптеген дау туындайды. Олардың ішінде мүлікті бөлу дауы бар. Мүлікті бөлу туралы дауды болдырмау мақсатында Неке (ерлі-зайыптылық) және от-басы кодексінде неке шартын жасау мүмкіндігі көзделген.

Неке шарты дегеніміз – некеге отыратын адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылар-дың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқығы мен міндетін айқындайтын келісім болып табылады. Неке шартын неке кио мемлекеттік тіркелгенге дейін және некеде тұрған кездегі кез келген уақытта жасауға бо-лады. Неке шарты жазбаша түрде дайындалады және міндетті түрде нотариатта куәланды-рылуы керек.

Ерлі-зайыптылар неке шартымен Қазақстан заңдарында белгіленген бірлескен ортақ мен-шік режимін өзгертуге, ерлі-зайыптылардың барлық мүлкіне, оның жекелеген түрлеріне немесе ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкіне бірлескен, үлестік немесе бөлек мен-шік режимін белгілеуге құқылы. Неке шарты ерлі-зайыптылардың қолда бар мүлкіне қа-тысты да, болашақтағы мүлкіне де қатысты жасалуы мүмкін.

Неке шартында ерлі-зайыптылар өзара күтіп-бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндет-терін, бір-бірінің табысына қатысу тәсілдерін, өздерінің әрқайсысының отбасылық шығыстар шығару тәртібін айқындауға, неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлікті айқындауға, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүліктік қаты-настарына қатысты өзге де кез келген ереже-

лерді, әрі осы некеден туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік жағдайын енгізу-ге құқылы. Неке шартын заңда көзделген негіз-дер мен тәртіп бойынша ерлі-зайыптылардың келісімі арқылы кез келген уақытта өзгертуге, бұзуға болады.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілеттілігін немесе әрекетке қабілетін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды. Жұбайлар арасындағы шарт мүліктік емес жеке қатынас-тарды, ортақ балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін қайғылы жағдайға қалдырса, балалардың мүліктік құқықтарын бұзса, олардың біреуінің талап етуі бойынша сот неке шартын толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүм-кін. Сондықтан өмірде болуы мүмін барлық жағдайларды ескере жүріп, алдағы уақытта мүлікті бөлу туралы даулардың туындамауы үшін мүлікке қатысты мәселелерді алдын ала келісіммен реттеп, заңға сәйкес неке шартын жасауға болады.

ЖАЯТОВ,
Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық
сотының төрағасы

Сыбайлас жемқорлық дендеген, паракорлық тамырын тереңге жайған мемлекетте даму болмайды. Жеңұшынан жалғасу әділдіктің орнауына тосқауыл қояды, азаматтардың ертеңгі күнге деген сенімін азайтады. Сондықтан келесегін кемел еткісі келген ел сыбайлас-тыққа жол бермеудің амалын жасайды. Және мұндай маңызды істі тек мемлекеттік құрылымдардың күшімен жүзеге асыру әсте мүмкін емес. Қоғамның қолдауына ие болып, азаматтар жаппай белсенділік танытқан жағдайда ғана жемқорлықты түбегейлі жоюға болады. Бұл ретте, сыбайлас жемқорлықты жөніп, ашық қоғам орната алған Сингапур, Норвегия, Швейцария сияқты елдердің озық тәжірибесі баршамызға үлгі бола алады.



ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ

Ал бұл елдер кеселге қалай төтеп берген? Төтеп беріп қана қоймай, жемқорлыққа қалай тыйым салған? Жоғарыдағы өркениетті елдердің барлығына ортақ бір артықшылық – мемлекеттік қызметтегі ашықтықпен өзектес. Бұл елдерде мемлекеттік қызмет, мемлекеттік сатып алу механизмдерінің бәрі сандық форматта, ашық жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметке кімдердің қабылданғанын, таңдау түскен адамның сәйкес келмей жатса, оны халықтан жасыру мүмкін емес. Міне, осы ашықтық елге қызмет етіп отырған жандардың аяғын абайлап басуына, қателік кетірмеуіне түрткі болуда.

Біздің елімізде де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар кешенді түрде қолға алынып келеді. Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығына кірген елдер арасында тұңғыш рет «Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңын қабылдап, кеселге қарсы қандай ұстанымда екенін дәлелдеп берді. Бұл заң кейіннен толықтырылып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң болып жаңғыртылғаны мәлім. Аталмыш екі заңнаманың мақсаты ортақ, айырмашылығы – алдыңғы заңда құқық бұзғандарды жазалаудың, тәртіпке салудың тетігіне көп көңіл бөлінсе, кейінгі заңда кеселдің салдарымен күресіп қоймай, себебіне үңілуге, індеттің алдын алуға басымдық берілген болатын.

Қазақстандық сотта да сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың барлық мүмкіндіктері қолға алынуда. Әсіресе, заманауи жаңа технологияның енгізілуі төрелік алаңындағы ашықтыққа барыныс септігін тигізіп отыр. Қазір сот ғимараттары, сот мәжіліс залдары толықтай бейнежазу құрылғыларымен бақыланады. Сот қызметкерлерінің азаматтармен жүзбе-жүз диалогасып, мәміле жасауына жол берілмейді. Іс құжаттары, арыз-шағымдар ғаламтор көмегімен онлайн қабылдануы, сот отырыстарының тұтастай дыбыс-бейне жазылуы сот пен тараптардың тікелей

сөзге келуіне, байланыс орнатуына тосқауыл қояды.

Бүгінде әлем коронавирус пандемиясынан сақтану үшін төтенше жағдай режимінде өмір сүріп жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында сот саласының жұмысына да өзгеріс енгізілді. Соған сәйкес қазір сот отырыстарының барлығы дерлік онлайн режимінде, заманауи құрылғылар көмегімен қашықтан жүзеге асырылуда. Мұндай жаңашылдық кезінде де сыбайластыққа орын жоқ.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, цифрлық технологияның мүмкіндіктерін пайдаланып, сот жұмысын барынша ашық, айқын, қолжетімді еткен сайын, сыбайлас жемқорлық деректері де азая бермек. Бұған қоса, азаматтар да айналасындағы кемшіліктерге, паракорлыққа «нәлдік төзімділік» қалыптастырғаны жөн. Өйткені, жемқорлықты халықтың көмегіңсіз, қоғамның қолдауынсыз жеңу мүмкін емес.

Саида БОЛАТ,
Алматы қаласы қамелетке
толмағандар ісі жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСАДЫ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмыстық құрылымдармен қайнасуы, сондай-ақ, мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің паракорлығымен сипатталады. Қазақстанда сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік құқықтық актілер қабылданған.

Індетпен күрес – Қазақстандағы өзекті мәселенің бірі. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқығы мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Жемқорлық – «сатып алу» деген мағынаны білдіреді. Бұл – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарай екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкерлер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет. 1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті Халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күрес туралы конвенцияға қол қойды. Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңын қабылдады. Жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, әлемге танылғанымызға отыз жылдай уақыт өтті. Елбасымыздың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры бекіп, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, елдің экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Мемлекетіміз бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу ел тұрғындарының азаматтық борышы деп білу керек.

Ұзақбай ОРАЗГЕЛДІ,
Қызылорда облысы Әділет департаменті
басшысының орынбасары

СЫБАЙЛАСТЫҚ СЫЙЛЫҚ АЛУДАН БАСТАЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік орган ұжымдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін қолдана отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза, сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Шынында да, жемқорлық қоғамды жегідей жеп барады. Ол үшін аталған індетке қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Елбасы Жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

Сыбайлас жемқорлық қылмысының белгісімен іс қозғаудың бір негізі – азаматтардың арызы. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті. Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы – құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 30 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Т.КАФЕЗОВ,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының приставы



ЖАЛҒАН МӘЛІМЕТ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрес алдыңғы орында тұр. Қай құрылымды алсаңыз да жегіқұрттың етек жаймауы үшін кешенді іс-шаралар қолға алынуда. Мәселен, сот саласын алайық. Отандық сот сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында барлық тетіктерді қолға алуда. Жарымсыз жағдайдың алдын алу үшін сенім жәшіктері орнатылып, сенім телефондары белгіленген. Оған азаматтар өзіне белгілі болған кез келген мәліметті қалдыра алады. Ал сот өз кезегінде әрбір мәліметті тексеріп, одан нәтиже шығаруға күш салады. Сонымен бірге соттың арнайы сайттарында, әлеуметтік желідегі парақшаларында да азаматтардың ой-пікірін қалдырып, сұрақтарына жауап алуына мүмкіндік қарастырылған. Мұндай ашық алаңның орнығуы сот пен халық арасындағы байланысты нығайтып, жұмысты ілгерілетуге зор ықпалын тигізері күмәнсіз.

Ашық қоғам, жемқорлықтан таза орта қалыптастыру мақсатында қолға алынған тиімді шаралар аз емес. Соның бірі бүгінде тиімді нәтижесін көрсетіп те үлгерді. Ол – сыбайлас жемқорлық деректері туралы ақпарат берген азаматтарды ынталандыру тетігі. Бұл бастамаға мемлекеттен қомақты қаржы бөлінген. Шараның ең негізгі мақсаты – азаматтарды кеселмен күреске жұмылдыру, сонымен бірге қарапайым халықты айналасында орын алып жатқан кемшіліктерге бейжай қарамауға үйрету. Өйткені, біздің тұрғындар құзырлы орындарға хабарласып, өзі бетпе-бет келген кемшілік туралы айтуға құлық таныта бермейді. Соның кесірінен паракорлар жазасыз қалады. Ал жазасыздық жаңа қылмыс тудырады. Дегенмен, қазіргі кезде мемлекеттің ақпарат берушілерді ынталандыру мақсатында бөлген қаржысын иеленгендер қатары өсіп келеді. Халықтың белсенді әрекеті мен жіті бақылауының арқасында сыбайластық деректері әшкереленіп, жауаптылыққа тартылғандар баршылық.

Әрине, таяқтың екі ұшы болатыны сияқты, ынталан-

дыру тетіктерін де теріс мақсатта пайдаланатындардың кездесіп қалатынын айтпай кетуге болмайды. Кейде өз атын көрсетпей, нақты тексерілмеген ақпаратты ұсынатын азаматтар да бар. Сонымен қатар, біреудің беделіне қасақана нұқсан келтіруді көздеп жала жабатындар да табылып қалады. Осы ретте, сыбайлас жемқорлық жайлы құқық бұзушылықтарға көпе-көрнеу жалған мәліметтер бергені үшін жауапкершілік барын ескергеніміз жөн. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 439-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы жалған ақпарат хабарлау – жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы іс-әрекет әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда жеке тұлғаларға 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Гүлнар ЕСЕНБАЕВА,
Алматы қаласы Жетісу аудандық №2 сотының
кеңсе меңгерушісі

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

ШАРА

Құрдымға батырған ҚҰМАР ОЙЫН

Алаяқтық – ең көп таралған қылмыс түрі. Қылмыстық кодекстің 190- бабына сай бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты имендену алаяқтық болып табылады.

Әділбек (есімі өзгертілген) – Алматы қаласының тумасы, жоғары білімді. Өке-шешесі де жоғары білімді мамандар. Отбасындағы жалғыз ұл болған. Ата-анасы тапқанын аузына тосып отырған соң Әділбек еңбекпен нан табудың не екенін білмей өсті. Сол әдетпен өз қолы өз аузына жеткенде де жұмыс істегісі келмеді.

Бірақ, ақшаны оңды-солды ойланбай шашқанды, қыдырғанды ұнататын. Ақшаны еңбекпен емес, жеңіл жолмен табуды ойлаған жігіт алғашында МАМБА арқылы Рабиғамен танысқан. Ірі банктердің бірінде басшы болып жұмыс істейтінін айтқан Әділбекке сенбеу мүмкін емес еді. Бірнеше рет кездесуге шақырып, өзін тек жақсы жағынан көрсеткен жігітке келіншек күмәнсіз сенген. Сөйтіп «Тойота 40» автокөлігінді сат, мен саған банкте кепілде тұрған «Тойота 70» автокөлігін арзандатып алып бере алам» дегенде, Рабиға бірден елп ете қалады. Көлігінің кілтін құжаттарымен бірге жаңа танысының қолына ұстата салған Рабиға алданғанын кеш түсінді. Бұл кезде автокөлігін тиімді бағаға сатқан Әділбек ақшаны алып көзден бұл-бұл ұшқан болатын. Сол кеткеннен мол кеткен жігіт Рабиғаға қайта қайырылып соқпады, телефонның сөндіріп тастады. Біреудің ақшасын жұмсау қандай оңай десеңізші. Сол секілді, Әділбекке Рабиғаның көлігінен түскен ақшаны казиноға салып,

ұтқызып жіберу ешқандай өкініш тудырған жоқ.

Осыдан кейін Әділбек интернет арқылы Айнұрмен танысып, Алматыдағы ең жақсы ресторанда кездескен. Тойота орталығында директордың көмекшісімін деп таныстырған сымбатты жігіттің қақпанына бұл қыз да оңай түседі. Бірнеше кездесуден соң Айнұрдың табысы мол болғанмен, көлігі жоқ екенін байқаған Әділбек несиемен көлік алуға үгіттейді. Елпілдеген азаматтың жетегінде кеткен қыз екі банктен ақша алып, шала таныс жігіттің қолына қалай ұстатып жібергенін өзі де байқамай қалады. Іс бітті, қу кетті. Машина алатын ақшаны ОЛИМП ойын клубында ұттырған Әділбек ұялы телефонын өшіріп, хабарсыз кетеді.

Бұдан кейін де алаяқ жігіттің алдауына бірнеше қыз іліккен. Алайда, қылмыстың өтеуі жаза. «Мені құртқан құмар ойын» деп налыған Әділбек өзін еңбекке баулымаған, ештеңеден тарықтырмай өсірген ата-анасына да өкпелі. «Қазіргі кезде ата-анам зейнеткер, ол кісілер де маған ақша беруден шаршады. Туысқандарымнан да алдым ақшаны. Бірақ соның бәрін құмар ойынға салдым» дейді өзі. Түзеу мекемесіндегі өмір азаматты түзу жолға түсіре алса игі.

**Ш. ЮНУСОВ,
ЛА-155/13 мекеменің
аға инспекторы**



Тәрбие басты назарда

Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде әрбір мереке ерекше атап өтіледі. Өйткені, көмелетке толмаған жазасын өтеушілер қоғамнан тыс қалмауы ке-

рек. Сол үрдіспен «Ұлыстың ұлы күні әз-Наурыз!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Оған Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері Сымбат Бағдатқызы мен

Жұмахан Нұрлыхан онлайн қатысып, мерекенің мәнін түсіндіруге атсалысты.

Бұл іс-шараның басты мақсаты: салт-дәстүрді насихаттау, әдет-ғұрыпты жаңғырту, наурыз мерекесінің мұсылман елдерінде қалай тойланатыныннан хабардар ету. Жазасын өтеушілерді ынтымақты қарым-қатынасқа, мәдениеттілікке үйрету, әдептілік пен ізеттілікке тәрбиелеу де негізгі міндет.

Сонымен қатар, 2-жасақ сотталушылары арасында арқан тарту, кір тасын көтеру, дойбы, шахмат, үстел теннисінен сайыс өтті. Мерекенің маңызын арттыру мақсатында наурыз туралы көркем фильм көрсетілді. Одан әрі қарай кеш жазасын өтеуші жасөспірімдердің даярлаған мерекелік концертіне жалғасты. Олар наурыз туралы өлеңдер оқыды, танымдық сұрақтарға жауап беріп, ойындарға белсене қатысты. Ал Жамбыл атындағы кітапхана қызметкерлері салт-дәстүр туралы слайд көрсетті. Мерекенің өз мәнінде өтуіне көмектескен кітапхана ұжымына мекеменің тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы Алма Бәзілбаева алғысын білдірді.

**Е. ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі**

СЕМИНАР

Жекеше айыптау істерін қарауданені ескеру керек?

Жамбыл облысы Байзақ аудандық сотында «Жекеше айыптау істерін қарау ерекшеліктері, тіркеу тәртібі, іске қатысты құжаттарды тараптарға жолдау мерзімдері» тақырыбында семинар өткізілді. Іс-шараға судья А.Телесбаева, кеңсе меңгерушісі Е.Жақсыбаев, соттағы мемлекеттік қызметкерлер қатысты.

А.Телесбаева өз баяндамасында жекеше айыптау істері бойынша статистикалық мәліметтерді келтіріп, сот тарапынан жекеше айыптау тәртібіндегі шағымдарды қабылдаудан бас тартудың себебін атап, мұндай істерді жүргізудің ерекшеліктеріне тоқталды. Сонымен қатар сотқа материал-

дарды жолдау барысында ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің тарапынан жіберілетін кемшіліктер жөнінде айтып өтті.

Шара барысында жекеше айыптау бойынша өтініштерді тіркеу тәртібіне қатысты сұрақтар және оларды қарау ерекшеліктері, іс жүргізудің түйткілдері жан-жақты талқыланды.

Семинар қорытындысы бойынша А.Телесбаева соттағы мемлекеттік қызметкерлерге жекеше айыптау бойынша өтініштерді тіркеу тәртібін, сот актілерін және іске қатысты құжаттарды тараптарға жолдау мерзімін қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама талаптарына сәйкес беруді жіті назарға алуды ұсынды.

**Байзақ аудандық сотының баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ**

ЖАРНАМА


ӨРТУРЛІ

7. АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА
«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ 2021 жылғы 4 мамырда Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 11:00-де мемлекеттік мүлік Тәзілімінің аукцион залында (www.gostestr.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналастырылған) электрондық аукцион өткізеді.
Ең төменгі баға белгіленбей, бағаны төмендету әдісі бойынша:
1. 2006 ж.ш., м/н 988АО04, УАЗ 39629-016 автокөлігі, бастапқы құны 899 000 теңге, кепілдік жарнасы 134 850 теңге,
2. 2003 ж.ш., м/н 742ВN04, Ваз 21310 автокөлігі, бастапқы құны 849 000 теңге, кепілдік жарнасы 127 350 теңге.
Сауда-саттықтың бағаны төмендету бойынша аукционды өткізу тәртібі:
1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісін бастапқы бағасы, Жекешелендіру объектілерін сату Қағидасының 46-тармағына сәйкес (әрі қарай – Қағида), белгіленген қаламға азылды;
2) егер аукцион басталған сәтте жекешелендіру объектісі бойынша аукцион залында екі қатысушыдан аз тіркелсе және болса, осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады.
Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционның жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;
3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.
Қатысуға тілек білдірушілер мемлекеттік мүлік Тәзілімінің веб-порталында мыналарды көрсете отырып, (эл.адрес: www.gosreestr.kz) тіркелуі қажет.
жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (әрі қарай – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);
занды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (әрі қарай – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);
4) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін;
5) байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);
Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде, қатысушы бір жұмыс күні ішінде Тәзілімінің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертпелі.
Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-сы қойылған аукционға қатысуға өтінімді Тәзілімінің веб-порталында тіркеу және кепілдік жарна төлеу қажет.
Кепілді жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірінші операция шотына төленеді: Кепілді жарнаны алушы – «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ, БСН 050540004455, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, ЖСК К2946017111000000330, БСК HSBKKZKK КБ 16, КНП 171; төлемнің белгіленуі – аукционға қатысу үшін кепілді жарна (банк қызметтері үшін төлемдер кепілді жарнаның мөлшеріне кірмейді).
Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы 8/7132/54-35-92 немесе Ақтөбе қаласы, Облысқай хан даңғылы, 40 үй, 412 кенсеге жолығып білуге болады.

8. «SAIGAK Invest» ЖШС (БСН 100840016223) жарғғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 506/99, н.п. 6.

9. Атырау қалалық сотының өндірісінде арыз беруші Атырау қаласы, Сороченко өткелі, 28-үй тұрғыны Досалиева Айгүль Бақимованың соңғы мәлім болған тұрғылықты жері Атырау қаласы, Сороченко өткелі, 28-үй тұрғыны 5 маусым 1966 жылы туған Досанов Қалимғалийды қайтыс болды деп жариялау туралы арызды бойынша азаматтық іс қаралуда. 1966 жылдың 5 маусымында туған Атырау облысының тумасы Досанов Қалимғалийдың тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар тұлғалардың Атырау қаласы, Сөтпаев даңғылы, 3 мекенжайы бойынша орналасқан Атырау қалалық сотына жарияланым шығарылған күннен бастап үш ай мерзім ішінде 8-7122-215793 телефон нөмірі арқылы хабарласуларын сұрайды.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН



«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

**Барлық сұрақтар бойынша:
87089299874 (Аян)**

ДҮНГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдары енді «Караван-Престіж» Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.



Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді «Алты Алаш» сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ҚҰПАҚҚАҒЫС!

**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.**

ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 747 200 22 58, 87474282610 Райымбек.

МҰРАГЕРЛІК

6. 05.11.2020 жылы қайтыс болған Мухаметжанов Уркенбайдың атынан мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Н.Ж. Қайнарбековаға келу керек. Мекенжайы: Еңбекшізақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 81 А. Тел.: 8(72776)24064.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.,» Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-7114-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-77758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директорлары Кривилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

«ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА – 25 ЖЫЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңға ең алғашқы түзету 2000 жылы жасалды. Ал 2020 жылға дейін жалпы 17 рет өзгерістер мен түзетулер енгізілді.

Жалпы қоғамдық бірлестіктер – азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау; қайырымдылыққа қатысу; мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық, құқықтық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсаттарында құрылып, жұмыс істейді (5-бап). Олар заң алдында тен.

Қоғамдық бірлестіктер туралы сөз болған кезде билік өкілдері ғана емес, ғалымдар мен сарапшылар да ұзақ жылдар бойы сапаға емес, санға көбірек көңіл бөліп, оны азаматтық қоғамның бір көрінісі деп бағалап келді. Ал сан мен сапаның арасындағы алшақтық көп жағдайда назардан тыс қалып қойды. Оған талдау жасап, себебі мен салдарын ашып көрсету үшін ғылыми зерттеу институттарына ешкім арнайы тапсырыс жасап, одан қорытынды шығаруға тырысқан жоқ.

Өткенге көз жүгіртсек кеңестік дәуірде де қоғамдық бірлестіктер аз болмаған. Алайда олардың қоғамды дамытудағы маңызы мен орны ол кезде көп айтылған жоқ. Бұл үрдіс тәуелсіздік дәуірінде де аса көп өзгере қоймады. Мемлекет деген ең алдымен адамдар екені, оның бәсекеге қабілетті болуы үшін әрбір адам өзін-өзі қамшылауы тиіс екені Елбасы тарапынан жиі айтылғанымен, оған дер кезінде мән берілмеді. «Демократия дегеніміз – қоғамның гаризонтальды емес, вертикальды прогресі» дегенді әркім өзіне қабылдады. Демократия дегеніміз қатаң тәртіп. Өзіңді, ортаңды, өмір сүрген қоғамыңды сыйлау, құрметтеу екені дәріптелген жоқ.

Сондықтан Қ.Тоқаев билік басына келгеннен кейін ҚР Президенті ретінде жариялаған 2019 жылғы алғашқы Жолдауында өзі уәде еткен саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүддесіне сәйкес, біртіндеп үздіксіз жүзеге асырылатынын жеткізді. Негізсіз, жүйесіз саяси ырықтандыру елдің ішкі саяси ахуалының тұрақсыздығына, тіпті мемлекеттіліктен айырылуға әкеліп соғатынын әлем елдерінің тәжірибесінен көріп отырғанымызды еске салды. Соған орай Жолдауда саяси реформаларды «асығыстыққа салынбай», керісінше, кезең-кезеңімен, табанды түрде және жан-жақты ойластырып жүзеге асыратынымызды айтты. «Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағида-

тымыз. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет. Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады. Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бірімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана казіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет. Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Бұл кеңес ротаиялық тәртіппен жұмыс істейді» дегенді айтты.

Ал 2020 жылғы Жолдауында: «Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі азаматтық диалогты дамыту ісіне тың серпін берді. Кеңес еліміздегі жалпұылттық диалог үдерісін орнықтырып, өз миссиясын орындады. Соның нәтижесінде саяси реформалар топтамасы жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» демократиялық тұрғыдан мүлде жаңа заң қабылданды. «Саяси партиялар туралы», «Сайлау туралы», «Парламент

және оның депутаттарының мәртебесі туралы» заңдарға өзгерістер енгізілді», – деді. Сондай-ақ тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік биліктің барлық институттарын да реформалау керек екенін және егер азаматтарымыздың әл-ауқатын шын мәнінде жақсартқымыз келсе, олардың өздерін осы іске белсенді түрде тартқан жөн болатынын айтты. Алдағы саяси реформалардың барлығы халықты мемлекет басқару ісіне кеңінен қатыстыруға бағытталатынын жеткізді. «Азаматтарымыз реформаға бастамашы болып, ұсыныстар беру үшін онлайн-петициялардың бірыңғай заңды институтын құру қажет. Мұндай құрылым қандай да бір бұрмалау әрекеттерінен толық қорғалуға тиіс. Үкімет азаматтық қоғаммен бірлесіп, осы маңызды жобаның нормативтік-құқықтық базасын әзірлеуге және оның барлық техникалық мәселелерін шешуге тиіс. Ел азаматтарының мүддесін қорғау жөніндегі маңызды миссияны бұрынғыдай саяси партиялар атқара береді», деді. Бұл жыл басындағы мәслихат пен Парламент Мәжіліс депутаттарының сайлауы қарсаңында белгілі бір деңгейде қоғамдық бірлестіктер қызметіне қан жүгіртті.

Сонымен қатар, қоғамдық ұйымдардың өзін көрсетіп, партиялар тарапынан қолдау табуына жол ашқандай болды. Бұған Қ.Тоқаевтың «Мемлекет басшысы ретінде, шын мәніндегі көппартиялық жүйені дамытуға күш салуға міндеттімін. Біз бір орында тұрған жоқпыз. Саяси жүйемізді жаңа жағдайға бейімдеп, оны біртіндеп жетілдіріп келеміз. Саяси реформалар қоғамымызға қажет, сондықтан олар міндетті түрде өз жалғасын табады. Демократияның басты жауы – білімсіздік пен популизм. Осыны естен шығармаған жөн. Азаматтарымыз реформаларға қолдау білдіреді деп сенемін. Олар жаңа саяси мүмкіндіктердің арқасында қоғамда «хайпократияның» белең алуына жол бермейді деп үміттенемін» деген сөзі оң ықпалын тигізері анық.

30 жылда 100-ден 22 мыңға дейін өскен үкіметтік емес ұйымдар желісі енді сапалық тұрғыдан жаңа сатыға көтерілер болса, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет», «Халық үніне құлақ асатын мемлекетті» құру қиындық тудырмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САРАПШЫ ПІКІРІ

Есенжол АЛИЯРОВ, саяси ғылымдар докторы, профессор,
Қазақ гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының президенті:

– Дамыған мемлекеттерде қоғамдық бірлестіктердің рөлі өте жоғары. Саяси партиялардың рөлі баришаға белгілі жәйт. Ал қоғамдық ұйымдарды әртүрлі салада ұйымдастырған жөн. Әркім өзінің құқығын қорғауды үйренуі керек. Бір адамның пікірі бөлек, ал бірлестік бір мәселені қозғап жатса, демек, ол қоғамда туындап жатқан мәселе. Үкіметтік емес ұйымдар да белгілі бір салада болып жатқан мәселені үкіметке дер кезінде жеткізеді. Біздегі кемишіліктің бірі азаматтық қоғам институттары мен биліктің арасындағы міндеттері әлі толық бөлінбеген. Билік қалай, қашан шешу керек және оған не керек екені реттелмеген. Қоғамдық бірлестіктер бізде билікте демократия бар деуі үшін ғана айтылады да, оның көтеріп отырған мәселені шешу механизмдері заңда әлі қарастырылмаған.



ЕЛ АЛҒЫСЫНАН ЖОҒАРЫ МАРАПАТ ЖОҚ

«Ер ерлігі – ел есінде» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Түркістан облысында өз міндетін атқару барысында ерлік жасап, батырлық әрекетімен халықтың алғысына бөленген тәртіп сақшылары жүзден асады. Олардың біразы ерлігі үшін марапат алса, ал кейбірінің еңбегі еленбей отыр. Солардың бірі – Түркістан облысы Арыс аудандық полиция бөлімінің Жедел криминалист тобының қызметкері Әлихан Әмір.

Әлихан Әмір Қазбек ауданы, Тұрбат ауылында 1997 жылы қарапайым отбасында дүниеге келген. Әлихан орта мектепте білім ала жүріп, өзінің алғырлығымен ерекшеленгендіктен, жетінші сыныптан кейін Қазығұрт аудандық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-гимназиясына ауысады. Тәртіп сақшысы болуды бала кезден армандаған Әлихан мектепті жақсы бағамен аяқтап, 2015 жылы ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына оқуға түседі. Оны үздік бағамен тәмамдаған жас офицер Түркістан облысы Кентау қаласындағы полиция департаментінде анықтаушы болып тәжірибе жинақтайды. Білімін тәжірибемен сәтті ұштастырып қоғам тыныштығы жолында кездескен қызметтің ауырлығына қарамастан, аға буынмен қатар бір деңгейде қызмет атқарады. Сөйтіп, еңбек жолын Арыс аудандық полиция бөлімінде жалғастырады. «Жас келсе іске» демекші, жас лейтенант ұжым арасында ұйымдастырылған шараларға белсене қатысады. Жұмыстан тыс уақытта спортпен шұғылданады. Футбол – оның сүйікті ісі. Спорттық сайыстарға да қатысып жүлделі орындарға ие болуда.

Кезекшілікке келіп түскен хабарламаны мұқият тыңдап, қылмыстық оқиға орнына жылдам жететін ол осы кезге дейін көптеген қылмыстың ашылуына ұйытқы болуда. – Тәртіп сақшыларының әрбір сәті қарбалас пен қиындыққа толы. Сондықтан болар, қылмысты ашуда криминалистің атқаратын жұмысы өте жауапты. Әрдайым тынымсыз ізденісте жүреміз. Түрлі тәсіл бойынша тәжірибе жинақтап, оны іс жүзінде қолдануға тырысамыз, – дейді Әлихан.

Аға лейтенант шенін иеленген Әлихан Арыс ауданында орын алған көлік ұрлығының ашылуына ұйытқы болды. Сонымен қатар, пәтер ұрлығын жасаушыларды да анықтауға өз үлесін қосты. Құдіктілердің кінәсі толығымен мойындалып, соттың шешімімен жазаға тартылды. Қылмыстық істерді ашу кезінде орын алған оқиғаларды еске алған Әлихан: «Арыс қаласында ұрланған көлік Ордабасы ауданынан табылды. Сонымен, жедел саусақ іздерін анықтау арқылы құдікті көп ұзамай құрықталды. Ал, үйіндегі күнделікті тұтыну заттарының қолды болғанын айтып арызданған Арыс қаласы тұрғынының үйін зерттеу барысында жақын досының ұрлағанын

анықтадық. Досының алдына бүкіл айғақты қойғанымызда өз кінәсін толық мойындады», – деді.

Бүкіл қазақ елін дүр сілкіндірген Арыс қаласында орын алған төтенше жағдай көпшілікті үлкен әбігерге түсіргені әлі есімізде. Сол кезде бір өңір, бір қаланың халқы ақтабан шұбырындыдағыдай дала кезіп, бас сауғалап кеткен кез еді. Әскери қоймада болған апат бейбіт қаланың жайбарақат тіршілігінің бір сәтте астан-кестені шығарды. Шарасыз күй кешіп, әбігерге түскен қала тұрғындарына тәртіп сақшылары мен әскери қызметкерлер көмекке келіп, күндіз-түні тынымсыз қызмет етті. Өздерінің өміріне қауіп төніп тұрса да, тәуекелге бас тігіп, қала тұрғындарын тегіс эвакуациялады. 45 мыңнан астам тұрғын үйлерін тастап қашуға мәжбүр болды. Талай отбасын апат орнынан алып шықты. Жарылыс болған кезде халық арасында бауырмалдық, мейірбандық, адамгершілік



сынды асыл қасиеттері жарқырап көрінді. Осындай арпалыстың ішінде Әлихан да батыл қимылдарымен бой көрсетті.

– Әрине, сол күн әлі есімде. Жарылыс орын алған күні мен кезекшілікте болатынымын. Алғашында дүмпудің дауысынан шошып кеткеніміз де рас. Көп ұзамай арпалыс басталып та кетті. Қызметтік көлікке бас сауғалап қашып бара жатқан адамдарды сыйғанынша мінгізіп, қыр жақтағы қауіпсіз жерге тасыдым. Жол бойында кетіп бара жатқан адамдарды да солай қарай бағыттадым. Қырда 300-

ге жуық халық жиналды. Бірі баласынан, бірі анасынан, енді бірі әкесінен, бірі күйеуінен көз жазып қалып жылап, қиналған тұрғындарды сабырға шақырып та қоямын. Жараланғандарының біршамасына алғашқы көмек көрсеттім. Содан кейін, жарылыс біткенше қаладан шықпай, ішкі қауіпсіздікті қадағалап жүрдік. Қаланың ішінде адам қалып кетпеуін бақыладық, – деді Әлихан Әмір.

Қаланы бақылап жүрген кезде 4 жасар баланың жалғыз өзі жылап жүгіріп бара жатқанын Әлихан көріп қалады да кішкентай бүлдіршінді қызметтік көлігіне отырғызып алады. Кішкентай Ұлан сол күні өзге балалар секілді ауылда ойнап жүрген. Жарылыс орын алған сәтте, бүлдіршіндер жан-жаққа қаша бастаған. Отбасынан адасып қалған Ұлан қайда барарын білмей абырап қалған. Бүлдіршін үшін қауіпсіз жер болмағандықтан, Әлихан оны күні бойы қасынан тастамай, алып жүрген.

– Халықты қауіпсіз жерге шығару жұмыстарымен жүрген кезде қасымызға снаряд түсті. Өлген жеріміз осы болар деген ой келді. Мен өзіме емес, қасымда ертіп жүрген кішкентай баланың өміріне алаңдадым. Жерге түскен снаряд жарылмады. Содан кейін, әлеуметтік желі арқылы Ұланның ата-анасын тауып, балаларын ешбір жарақатсыз қолына табыстадым, – деді аға лейтенант.

– Әрине, сол кезде не істерімізді білмей абырап қалған кезіміз де болды. Себебі, жа-

рылыстың салдарынан халық абыр-сабыр күй кешті. Баласынан көз жазып таба алмай қалған ана мен әкенің ойына жаман ой келетіні белгілі. Біз де кішкентай Ұланымызды таппай қалдық. Қайда жүрсе де, аман болсыншы деп тіледік. Мына жағдай басылғанда тауып алармыз деген үмітіміз болды. Кейіннен ватцап арқылы баламыздың суретін көріп, аман екеніне көзіміз жетіп қуанып кеттік. Әрі полиция қызметкерімен бірге екенін естіп, қорқынышымыз сейілді. Немерем Ұланды құтқарып қалған Әлихан есімді полиция қызметкеріне алғысым шексіз. Ерлікке лайық азаматтың бірі, – деді Ұланның атасы Әуезхан Асанов.

Бүгінде жас полицейдің қоғам үшін жасаған игі ісін Арыс қаласының тұрғындары аңыз етіп айтып отырады. Оның табанды ерлігін балаларына үлгі етеді. Осы күнге дейін қала тұрғындары Әлиханды көрген сайын алғысын айтып, оның жұмысына сәттілік тіледі. Қиын кезде 300-ге жуық тұрғынның қауіпсіздігін қамтамасыз еткен бүгінгі күннің батырына мемлекет тарапынан лайықты марапат берілсе, жас полицейдің ерлігі еленбей қалмаса екен деген ізгі тілектерін білдіруде.

– Басты міндет – еліме, халқыма адал қызмет ету. Бұл – менің азаматтық борышым. Елдің алғысынан биік марапат жоқ, – дейді жас полицейдің өзі.

Раушан НАРБЕК